ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ АТЫНАН
ШЕШІМ

2024 жылғы 11 желтоқсан № 1112-24-00-2/3960 іс Көкшетау қаласы

Ақмола облысының мамандандырылған ауданаралық экономикалық соты құрамында төрағалық етуші судья К.Е. Исенова қойылған талап бойынша оңайлатылған (жазбаша) іс жүргізу тәртібімен азаматтық істі қарады:

ТАЛАП ҚОЮШЫ:
Ақтөбе облысының білім басқармасы" мемлекеттік мекемесінің «Хромтау тау-кен техникалық жоғары колледжі» мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорыны

ЖАУАПКЕР:
«ЭлектроСтройАстана» жеке кәсіпкер басшысы Карымсакова Кадиша Абуовна

ТАЛАП ҚОЮШЫНЫҢ ТАЛАБЫ:
мемлекеттік сатып алудың жосықсыз қатысушысы деп тану туралы

ҚАРАР БӨЛІГІ:

Сот АПК-нің 147 бабын басшылыққа ала отырып

ШЕШТІ:

Талап қоюшы Ақтөбе облысының білім басқармасы мемлекеттік мекемесінің «Хромтау тау-кен техникалық жоғары колледжі» мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорынының жауапкер «ЭлектроСтройАстана» жеке кәсіпкері басшысы Карымсакова Кадиша Абуовна мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп тануды туралы талап арызы – қанағаттандырылсын.

«ЭлектроСтройАстана» жеке кәсіпкер басшысы Карымсакова Кадиша Абуовна мемлекеттік сатып алудың жосықсыз қатысушысы деп танылсын.

«ЭлектроСтройАстана» жеке кәсіпкер басшысы Карымсакова Кадиша Абуовнадан мемлекеттік пайдасына 1 846 (бір мың сегіз жүз қырық алты) теңге мемелекет баж өндірілсін.

Жауапкер оңайлатылған (жазбаша) іс жүргізу тәртібімен шешім шығарған сотқа сот шешімінің көшірмелерін алған күннен бастап бес жұмыс күні ішінде осы шешімнің күшін жою туралы арыз беруге құқылы.

Шешімге – осы шешімнің күшін жою туралы арыз беру мерзімі өткеннен кейін, ал егер арыз берілсе, осы арызды қанағаттандырудан бас тарту туралы сот ұйғарым шығарғаннан кейін бір ай мерзімде апелляциялық шағым берілуі, прокурор апелляциялық өтінішхат келтіруі мүмкін.

Судья Қ. Исенова

Құжатқа қол қойылған: Исенова К. Е., 11.12.2024

Заңды күшіне енген күні: 21.01.2025, судья Исенова К. Е., 26.01.2025

1112-24-3-1/3977